

### **«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Экология саясаты**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдары (бұдан әрі – Компания) орнықты даму қағидаттарына бейілділігін білдіріп, қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ҚОҚ) мен қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмауды өз қызметінің негізгі басымдықтарына жатқызады.

Компания қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстанады.

**Компания басшылығы өзіне осы Саясатты іске асыру үшін өздері орындайтын және мердігерлік ұйымдардан орындалуын талап ететін мынадай міндеттемелерді қабылдайды:**

1. Қазақстан Республикасының ҚОҚ саласындағы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, ішкі құжаттардың талаптарын бұлжытпай сақтау. Экологиялық менеджмент жүйесін тұрақты түрде жетілдіріп отыру.

2. Қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау бойынша алдын алу шараларының осындай әсердің салдарларын жою жөніндегі шаралар алдындағы артықшылығын қамтамасыз ету.

3. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, энергия және ресурс үнемдейтін, қалдығы аз, экологиялық қауіпсіз технологияларды, жабдықтарды, материалдарды енгізу, климаттың өзгеруіне бейімдеу және қоршаған ортаға ықтимал залалды өтеу бойынша шаралар қабылдау есебінен қоршаған ортаға әсерді жүйелі түрде азайтуды қамтамасыз ету.

4. Оларды ақпараттандыру және автоматтандыру арқылы қоршаған ортаны қорғау саласындағы процестерді үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету.

5. Су ресурстарын басқару процестерін үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ету, су үнемдеу және айналмалы сумен жабдықтау жөніндегі жобаларды енгізу, су тапшылығына байланысты тәуекелдерді бағалау және басқару.

6. Өндіріс қалдықтарының пайда болу көлемін қысқартуды және қоршаған ортада орналастыруды, олармен қауіпсіз жұмыс істеуді, қалдықтарды қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету. Топырақтың, атмосфералық ауаның немесе су ресурстарының қайталама ластануын болдырмайтын технологиялар (әдістер) жиынтығын қолдану; «жасыл офис» қағидаттарын енгізу.

7. Компания өзінің бизнес-қызметінде тап болатын ҚОҚ саласындағы тәуекелдерді басқару (реттеуші, бедел, нарықтық және басқалар сияқты) және

келесі салаларда қоршаған ортаны қорғауға әсер етуін азайту бойынша барлық ықтимал шараларды қабылдау:

- климаттың өзгеруіне бейімдеу және парниктік газдар шығарындылары;
- атмосфераға ластанушы заттардың шығарындылары;
- су ресурстарын басқару;
- қалдықтарды басқару;
- өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде биоалуантүрлілікке әсерін ескеру және жануарлардың қоныс аудару жолдарын сақтау;
- ластанған жерлерді қалпына келтіру, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт тоқтатылғаннан кейін келісімшарттық аумақта қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

8. Газды жалындатып жағудың нөлдік деңгейіне жету және алаулардан атмосфералық ауаға шығарындыларды азайту бойынша шаралар қабылдау.

9. Қоғамдастықты және мүдделі тараптарды міндетті хабардар ете отырып салу кезеңінен тарату кезеңіне дейін Компанияның өндірістік объектісінің қоршаған ортаға әсерін бағалауды (ҚОӘБ) жүргізу және осы ақпаратты ашық дереккөздерге орналастыру.

10. Сирек және жануарлардың бағалы түрлерінің жоғалып кету қаупінде тұрған тіршілік ортасы ретінде ерекше құндылығы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметті жүзеге асырмау, экологиялық сезімтал аумақтарда жұмыстарды іске асыру кезінде тәуекелдерге бағалау жүргізу.

11. Авариялар және мұнайдың жылыстап ағып кетуі кезінде қоршаған ортаның ластану қауіптерін мейлінше азайту мақсатында барлық жабдықтар мен құбырлардың авариясыз жұмыс істеуі мен пайдалануын қамтамасыз ету.

12. Өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде төрт негізгі әрекетті ескеріп, биоәртүрлілікке әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясын қолдану: әлеуетті елеулі тікелей әсерлердің алдын алу, мейлінше азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру.

13. Қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті қорғау саласында одан әрі білім жинақтау және инновациялық шешімдерді әзірлеу үшін зерттеу бағдарламалары мен салалық серіктестіктерге қатысу.

14. Өз қызметкерлерінің, сондай-ақ мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерінің келісімшарттық аумақтарда заңсыз аң аулауына, балық аулауына, өсімдік және жануарлар әлемінің объектілерін пайдалануына жол бермеу.

15. Персоналдың экологиялық мәдениетін арттыру, табиғат қорғау қызметіне тұрақты оқыту, ағарту және танымал ету. Компания қызметінің экологиялық аспектілерін және қоршаған ортаға әсерін әрбір қызметкердің назарына жеткізу арқылы қызметкерлерді экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа тарту.

16. Жұртшылықтың, акционерлердің, мүдделі мемлекеттік органдардың және басқа да тараптардың алдында экологиялық ақпараттың кең қолжетімділігін және Компанияның табиғат қорғау қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

17. Басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштердің тұрақты жақсаруын қамтамасыз ету.

Компанияның осы Саясатта білдірілген міндеттемелері ҚОҚ саласындағы мақсаттарды анықтау үшін негіз болып табылады, Компанияға, мердігерлік ұйымдарға қатысты қолданылады және Компанияның серіктестермен орнатқан іскерлік қарым-қатынастары жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстардың ұсынылуына жауапты болады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының осы Саясатты қолдануы белгіленген тәртіппен ұқсас саясаттарды әзірлеп, бекітуі немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіруі арқылы жүзеге асырылады.